

## Сыңғырау селолық округі әкімінің 2009 жылғы 27 қазандағы № 3 "Орталық көшелерге ат беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Сыңғырау ауылы әкімінің 2017 жылғы 14 шілдедегі № 4 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 тамызда № 3409 болып тіркелді

Р К А О - н ы ң                    е ск е р т п е с і .

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы", 2013 жылғы 21 қантардағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Зандарына және Сыңғырау ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, Сыңғырау ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сыңғырау селолық округі әкімінің 2009 жылғы 27 қазандағы № 3 "Орталық көшелерге ат беру туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11-3-87 болып тіркелген, 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 50 (1918) "Рауан" газетіндегі жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Сыңғырау ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, Сыңғырау ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. Сыңғырау ауылындағы мына көшелерге:

ауылдың онтүстік батысынан басталып "Бейнеу-Тәжін" тас жолына шығатын бағытқа дейінгі аралықта орналасқан орталықтағы ең ұзын көшеге – "Тәуелсіздік", осы Тәуелсіздік көшесіне орталықтағы № 37 үй маңынан келіп қиылсытасын, бойында басқа да құрылыш объектілерімен қатар, автобус аялдамасы, дүкен ғимараты орналасқан ауылдың онтүстік бағытына қарай созылып жатырған қатарлас көшеге "Егемендік" аттары берілсін.

2. "Сыңғырау ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (М.Есеров) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап құшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл әкімі*

*F.Tastemir*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК